

Құрылышы арнайы экономикалық аймақтар қызметінің басым түрлерін жүзеге асыруға арналған арнайы экономикалық аймақтар мен объектілер қызметінің басым түрлерінің тізбелерін, сондай-ақ Қызметтің басым түрлерін арнайы экономикалық аймақтар қызметінің басым түрлерінің тізбесіне және құрылыш объектілерін құрылышы арнайы экономикалық аймақтар қызметінің басым түрлерін жүзеге асыруға арналған объектілер тізбесіне қосу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 20 қаңтардағы № 10 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 4 желтоқсандағы № 802 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 04.12.2018 № 802 қаулысымен
Р Қ А О - ның ескертпесі.**

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 27 ақпандагы № 142 бұйрығын қараңыз.

2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 150-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) арнайы экономикалық аймақтар қызметінің басым түрлерінің тізбесі;
- 2) құрылышы арнайы экономикалық аймақтар қызметінің басым түрлерін жүзеге асыруға арналған объектілер тізбесі;

3) Қызметтің басым түрлерін арнайы экономикалық аймақтар қызметінің басым түрлерінің тізбесіне және құрылыш объектілерін құрылышы арнайы экономикалық аймақтар қызметінің басым түрлерін жүзеге асыруға арналған объектілер тізбесіне қосу қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

Б. Сагынтаев

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2017 жылғы 20 қаңтардағы

№ 10 қаулысымен

Арнайы экономикалық аймақтар қызметінің басым түрлерінің тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 06.10.2017 № 624; 12.03.2018 № 118 қаулыларымен.

"Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағы

- 1) Өзге де металл емес минералдық өнім өндіру;
- 2) машиналар мен жабдықтарды жасау;
- 3) тұрмыстық электр аспаптарын жасау;
- 4) резенке және пластмасса бұйымдарын жасау;
- 5) химия өнеркәсібі өнімдерін өндіру;
- 6) металлургия өнеркәсібі;
- 7) электр жабдығын, оның ішінде электр-жарық беруші жабдық жасау;
- 8) жарық беруші аспаптарға арналған шыны компоненттерін өндіру;
- 9) тамақ өнімдерін өндіру;
- 10) сүрек массасы мен целлюлоза, қағаз бен картон өндіру;
- 11) жиһаз жасау;
- 12) автокөлік құралдарын, трейлерлер мен жартылай тіркемелерді жасау;
- 13) темір жол локомотивтері мен жылжымалы құрамды жасау;
- 14) әуе және ғарыштық ұшу аппараттарын жасау;
- 15) негізгі фармацевтикалық өнімдер мен препараттарды өндіру;
- 16) электрондық бөлшектер жасау;
- 17) қойма шаруашылығы және қосалқы көлік қызметі;
- 18) жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес инфрақұрылым объектілерін, әкімшілік және тұрғын-үй кешендерін салу және пайдалануға беру;
- 19) жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес ауруханаларды, емханаларды, мектептерді, балабақшаларды, музейлерді, театrlарды, жоғары және орта оқу орындарын, кітапханаларды, оқушылар сарайларын, спорт кешендерін салу және пайдалануға беру;
- 20) жобалау-сметалық құжаттама шегінде қызметтің басым түрлерін жүзеге асыру үшін тікелей арналған объектілерді салу және пайдалануға беру.

"Ұлттық индустримальық мұнай-химия паркі" арнайы экономикалық аймағы

- 1) Химия өнеркәсібі өнімдерін өндіру;
- 2) мұнай-химия өнімдерін өндіру;

3) жобалау-сметалық құжаттама шегінде қызметтің басым түрлерін жүзеге асыру үшін тікелей арналған объектілерді салу және пайдалануға беру.

"Ақтау теңіз айлағы" арнағы экономикалық аймағы

- 1) Тұрмыстық электр аспаптарын жасау;
- 2) былғары және оған қатысты өнімдер өндіру;
- 3) химия өнеркәсібі өнімдерін өндіру;
- 4) резенке және пластмасса бұйымдарын жасау;
- 5) өзге де металл емес минералды өнім өндіру;
- 6) металлургия өнеркәсібі;
- 7) дайын металл бұйымдарын жасау;
- 8) машиналар мен жабдықтарды жасау;
- 9) мұнай-химия өнімдерін өндіру;
- 10) негізгі фармацевтикалық өнімдер және препараттар өндіру;
- 11) қойма шаруашылығы және қосалқы көлік қызметі;
- 12) электр моторларын, генераторлар, трансформаторлар, электр таратқыш және бақылау аппаратурасын жасау;
- 13) электр өткізгіштерді және электр өткізгіш аспаптарын жасау;
- 14) жобалау-сметалық құжаттамаға шегінде қызметтің басым түрлерін жүзеге асыру үшін тікелей арналған объектілерді салу және пайдалануға беру.

"Инновациялық технологиялар паркі" арнағы экономикалық аймағы

- 1) Дерекқорларды және аппараттық құралдарды жобалау, әзірлеу, енгізу және жасау, бағдарламалық қамтылымды (оның ішінде тәжірибелік ұлгілерді) жобалау, әзірлеу, енгізу және жасау;
- 2) серверлік ақпараттық-коммуникациялық жабдықты пайдалана отырып, ақпаратты электрондық түрде сақтау және өндеу бойынша көрсетілетін қызметтер (дата-орталықтар көрсететін қызметтер);
- 3) жасанды иммундық және нейрондық жүйелер негізінде жаңа ақпараттық технологияларды жасау;
- 4) ғылым саласындағы уәкілетті орган берген, осындағы жұмыстарды жүргізу туралы қорытынды болған кезде ақпараттық технологиялар, телекоммуникациялар және байланыс, электроника, аспап жасау, жаңартылатын энергия көздері, ресурс үнемдеу және табиғат пайдалану саласында, жаңа материалдар жасау және қолдану, мұнай мен газды өндіру, тасымалдау және қайта өндеу саласында ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізу;

5) мәтіндерді өндеуге арналған машиналарды, көшіру-көбейту жабдықтарын, жөнелту машиналарын, калькуляторларды, кассалық аппараттарды, таңбалау машиналарын, билет-кассалық машиналарды жасау, басқа да кеңсе машиналары мен жабдықтарын, электрондық есептеу машиналарын және ақпаратты өндеуге арналған өзге де жабдықтарды жасау;

6) электр-және радио элементтерді, таратушы аппаратураны, дыбыс пен бейнені қабылдауға, жазуға және шығаруға арналған аппаратураны жасау;

7) электрондық, өлшетін, оптикалық, жарық беруші аспаптарды жобалау, әзірлеу, енгізу және жасау;

8) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған мамандықтар тізбесі бойынша инновациялық технологиялар саласындағы білім беру қызметі;

9) жаңа материалдарды (оның ішінде тәжірибелік үлгілерді) жобалау, әзірлеу, енгізу және жасау;

10) тұрмыстық электр аспаптарын: тоңазытқыштар, мұздатқыштар, кір жуғыш машиналар жасау;

11) жобалау-сметалық құжаттама шегінде қызметтің басым түрлерін жүзеге асыру үшін тікелей арналған объектілерді салу және пайдалануға беру.

Ескертпе

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және инновациялық технологиялар саласындағы арнайы экономикалық аймақтың қатысуышылары үшін арнайы экономикалық аймақтың аумағында қызметті жүзеге асыру талабы қызметтің мынадай түрлері:

1) дереккорларды және аппараттық құралдарды жобалау, әзірлеу, енгізу және жасау, бағдарламалық қамтамасыз етілімді (оның ішінде тәжірибелік үлгілерді) жобалау, әзірлеу, енгізу және жасау;

2) серверлік ақпараттық-коммуникациялық жабдықты пайдалана отырып, ақпаратты электрондық түрде сақтау және өндеу бойынша көрсетілетін қызметтер (дата-орталықтар көрсететін қызметтер);

3) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында жобаларды жасау мен енгізу жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмыстары мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу үшін 2018 жылғы 1 қантарға дейін міндетті талап болып табылмайды.

"Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағы

1) Киімнен басқа, дайын тоқыма бұйымдарын шығару;

2) өзге де тоқылған және трикотаж бұйымдарын шығару;

3) үлбірден және теріден тігілетін киімді қоспағанда, киім шығару;

4) иіру, тоқу және әрлеу өндірісі;

- 5) киімнен басқа, тоқыма емес бұйымдар шығару;
- 6) кілемдер мен кілем бұйымдарын шығару;
- 7) ағаш қоймалжының және целлюлоза шығару;
- 8) қағаз және қатырма қағаз шығару;
- 9) теріні илеу мен өндеуді, үлбірді өндеу мен бояуды қоспағанда, тері өнімін шығару;
- 10) жазу қағазы бұйымдарын шығару;
- 11) жобалау-сметалық құжаттама шегінде қызметтің басым түрлерін жүзеге асыру үшін тікелей арналған объектілерді салу және пайдалануға беру;
- 12) кокс және мұнай өндеу өнімдерін өндіру;
- 13) химия өнеркәсібі өнімдерін өндіру.

"Бурабай" арнайы экономикалық аймағы

Ескерту. Бөлім алып тасталды – ҚР Үкіметінің 12.03.2018 № 118 қаулысымен

"Сарыарқа" арнайы экономикалық аймағы

- 1) Металлургия өнеркәсібі;
- 2) машиналар мен жабдықтан басқа, дайын металл бұйымдарын жасау;
- 3) авиациялық, автомобиль және мотоцикл қозғалтқыштарынан басқа, қозғалтқыштар мен турбиналарды жасау;
- 4) автокөлік құралдарын, трейлерлерді және жартылай тіркемелерді жасау;
- 5) компьютерлерді, электрондық және оптикалық өнімдерді жасау;
- 6) электр жабдықтарын жасау;
- 7) химия өнеркәсібі өнімдерін жасау;
- 8) резенке және пластмасса бұйымдарын жасау;
- 9) өзге де металл емес минералдық өнімдерді жасау;
- 10) гидравликалық жабдықты жасау;
- 11) өзге де сорғыларды, компрессорларды, тығындар мен қақпақшаларды жасау;
- 12) өзге де шүмектер мен бұрандаларды жасау;
- 13) подшипниктерді, тегершіктер мен тісті берілістердің элементтерін және жетектерді жасау;
- 14) плиталар, пештер және пеш оттықтарын жасау;
- 15) көтеру және тасымалдау жабдығын жасау;
- 16) қол электр құралдарын жасау;
- 17) өнеркәсіптік тоқазыту және желдету жабдығын жасау;
- 18) сұйық минералдарға арналған тазалау аппараттарын жасау;

19) сұйық минералдарды немесе ұнтақтарды өндіруге, диспергациялауға немесе тозандатуға арналған жабдықты жасау;

20) мұнайды тазалауға, химия өнеркәсібіне, сусындар өндіру жөніндегі индустрияға арналған тазалау жабдығын жасау;

21) центрифугалар (қаймақайырғыштар мен кептіру аппараттарынан басқа) жасау;

22) судың кері циркуляциясы арқылы тікелей сұыту үшін су сұыту бағандарын жасау;

23) ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы техникасын жасау;

24) металдарды қысыммен өндеуге арналған жабдықты жасау;

25) өзге де металл өндейтін станоктарды жасау;

26) металлургияға арналған машиналар мен жабдықты жасау;

27) тау-кен өндіру өнеркәсібіне, жерасты жұмыстарына және құрылышқа арналған техниканы жасау;

28) тамақ өнімдерін, сусындарды және темекі бұйымдарын өндіруге және қайта өндеуге арналған жабдықты жасау;

29) тоқыма, тігін, үлбір және тері бұйымдарын дайындауға арналған жабдықты жасау;

30) қағаз бер қатырма қағазды дайындауға арналған техниканы жасау;

31) резенкені, пластмассалар мен басқа да полимер материалдарды қайта өндеуге арналған жабдықты жасау;

32) жобалау-сметалық құжаттама шегінде қызметтің басым түрлерін жүзеге асыру үшін тікелей арналған объектілерді салу және пайдалануға беру.

"Корғас – Шығыс қақпасы" арнайы экономикалық аймағы

1) Қойма шаруашылығы және қосалқы көлік қызметі;

2) тамақ өнімдерін өндіру;

3) былгары және оған жататын өнім өндіру;

4) тоқыма бұйымдарын жасау;

5) өзге де металл емес минералдық өнімдерді өндіру;

6) химия өнеркәсібі өнімдерін өндіру;

7) машиналар мен жабдықтан басқа, дайын металл бұйымдарын жасау;

8) басқа санаттарға енгізілмеген машиналар мен жабдық жасау;

9) жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес көрмелер, музейлер ұйымдастыруға арналған ғимараттар, қойма және әкімшілік ғимараттарын салу;

10) жобалау-сметалық құжаттама шегінде қызметтің басым түрлерін жүзеге асыру үшін тікелей арналған объектілерді салу және пайдалануға беру.

"Павлодар" арнайы экономикалық аймағы

- 1) Химия өнеркәсібі өнімдерін өндіру;
- 2) мұнай-химия өнімдерін өндіру;
- 3) жобалау-сметалық құжаттама шегінде қызметтің басым түрлерін жүзеге асыру үшін тікелей арналған объектілерді салу және пайдалануға беру;
- 4) металургия өнеркәсібі;
- 5) өзге де металл емес минералдық өнімдер өндіру;
- 6) машиналар мен жабдықтан басқа, дайын металл бұйымдарын жасау;
- 7) резенке және пластмасса бұйымдарын жасау.

"Тараз химиялық паркі" арнайы экономикалық аймағы

- 1) Химия өнеркәсібі өнімдерін өндіру;
- 2) резенке және пластмасса бұйымдарын жасау;
- 3) өзге де металл емес минералдық өнімдерді өндіру;
- 4) химия өндірісі үшін машиналар мен жабдық жасау;
- 5) жобалау-сметалық құжаттама шегінде қызметтің басым түрлерін жүзеге асыру үшін тікелей арналған объектілерді салу және пайдалануға беру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2017 жылғы 20 қантардағы

№ 10 қауысымен

Бекітілген

Құрылышы арнайы экономикалық аймақтар қызметінің басым түрлерін жүзеге асыруға арналған объектілер тізбесі

1. Өнеркәсіп объектілері, өндірістік ғимараттар, құрылыштар:

1) "Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 70-бабында көрсетілген белгілері бар қауіпті өндірістік объектілер және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сондай деп сәйкестендірілетін объектілер;

2) өрт, жарылыш, газ, химиялық агрессивті, улы және уытты заттар бойынша қауіпті емес өндірістік-шаруашылық құрылыштарды (тауарлар мен материалдарды сақтау үшін ерекше жағдайларды, сондай-ақ өзге де жобалау шешімдері мен іс-шараларды талап ететін жеке тұрған қоймалар және сақтау қоймалары) қоса алғанда, өндірістік объектілер (машина жасау, көлік, құрастыруыш, өндеуші, женіл және өнеркәсіптің басқа да салаларының объектілері);

3) жылу-энергетикалық ғимараттар мен құрылыштар;

4) домна пештерінің орталық тораптары, тұтін құбырлары;

5) агронеркәсіптік кешен кәсіпорындары (сұт, ет өнімдерін өндіру жөніндегі мал шаруашылығы кешендери), жылжай комбинаттары;

6) өндірістік ғимараттар мен құрылыштар және (немесе) крандары бар өндірістік ғимараттар мен құрылыштар;

7) өрт, жарылыс, газ, химиялық агрессивті, улы және уытты заттар бойынша қауіпті өндірістік-шаруашылық құрылыштарды қоса алғанда, (тауарлар мен материалдарды сақтау үшін ерекше жағдайларды, сондай-ақ өзге де жобалау шешімдері мен іс-шараларды талап ететін жеке тұрған қоймалар мен сақтау қоймалары) қажетті инфрақұрылымы бар мұнай-химия және химия өнеркәсібінің өндірістік объектілері.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 06.10.2017 № 624 қаулысымен.

2. Өзге құрылыштар:

- 1) мұнай, мұнай өнімдері, сұйытылған газ резервуарлары;
- 2) гидroteхникалық құрылыштар;
- 3) жобалау жөніндегі мемлекеттік нормативтерге сәйкес белгіленетін мұнайдың, мұнай өнімдерінің және газдың жерасты қоймалары;
- 4) газдың, мұнай өнімдерінің магистральдық құбырлары;
- 5) газ тарату станцияларының объектілері;

6) топтық су тартқыштарды қоса алғанда, магистральдық және тарату (орамішлік, көшелік), су бұру желілері және кәріздік коллекторлар және олардағы құрылыштар, су құбыры және кәріздік тазарту құрылыштары (СТҚ және КТҚ), сондай-ақ сорғы станциялары мен су тоғандары;

7) траншеясыз әдіспен орындау кезінде топтық су тартқыштар және кәріздік коллекторлар;

8) магистральдық және одан тарату (орамішлік) жылумен жабдықтау желілері және олардағы құрылыштар;

9) сыртқы сумен жабдықтау желілері және олардағы құрылыштар, оның ішінде тарту (орамішлік, көшелік) алаңшілік сумен жабдықтау желілері, орамішлік су бұру желілері;

- 10) сыртқы жылумен жабдықтау желілері және олардағы құрылыштар;
 - 11) шаруашылық-тұрмыстық және техникалық сумен жабдықтау үшін су құбыры ұнғымаларын жайластыру және олардағы құрылыштар;
 - 12) телевизия мұнаралары және байланыстың антенналық-мачталық құрылыштары;
 - 13) желілердің желілік-кабельдік құрылыштары;
 - 14) электр беру желілері және өзге де электр-желілік шаруашылық объектілері
- ;

15) спорт және серуендеу кемелеріне қызмет көрсетуге арналған мамандандырылған порттарды қоспағанда, өзен және теңіз порттары;

16) ғарыш айлақтарын қоса алғанда, ғарыш инфракұрылымы объектілері; ұшыру кешендері және тасымалдағыш зымырандарды іске қосу қондырғылары; ғарыш аппараттарын басқаратын жерүсті кешендері; команда беру-өлшеу кешендері; ақпаратты қабылдауға, сақтауға, өндеге және таратуға арналған жерүсті нысаналы кешендер; ғарышты зерттеудің ғылыми-эксперименталдық базасы; антенналық кешендер; обсерваториялар; тәжірибелік өндірістер; ғарыш аппараттарын, тасымалдағыш зымырандарды және олардың құрамбөліктерін жинау, монтаждау, сынау жөніндегі кәсіпорындар; қауіпсіздікті және объектілердің инженерлік-техникалық беріктігін қамтамасыз етуге байланысты ғимараттар мен құрылыштар;

17) қатты тұрмыстық қалдықтардың полигондары;

18) өнеркәсіптік улы қалдықтарды залалсыздандыру және көмү полигондары.

3. Тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілер:

1) көп функционалды ғимараттар, оның ішінде әкімшілік-тұрмыстық, қоғамдық ғимараттар мен құрылыштар;

2) қонақ үй кешендері (мотельдер, туристік базалар);

3) мектеп-инернатуралық жетекшіліктердің жетекшіліктерінде жасалған жағын корпустарының, балаларға арналған демалу лагерлерінің ғимараттары;

4) тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарының ғимараттары;

5) құрастырмалы-бұзылмалы конструкциялардан тұрғызылған контейнерді және блоктарды пайдаланып жасалатын мобиЛЬДІ кешендер, қоғамдық тамақтану және тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындары;

6) уақытша маусымдық және қосалқы мақсаттағы ғимараттар мен құрылыштар (парниктер, павильондар, шағын қоймалар, байланыс, жарықтандыру тіректері, қоршаулар және сол сияқты құрылыштар);

7) өрт депосының кешендері;

8) әкімшілік-тұрмыстық және өндірістік ғимараттардың ішіндегі автоматты күзет-өрт дабыл және тарту-шығару желдеткіш жүйелері;

9) жерүсті немесе жерасты гараждар-тұрақтар;

10) вахталық кенттердегі әлеуметтік-мәдени-тұрмыстық объектілер.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2017 жылғы 20 қантардағы

№ 10 қаулысымен

бекітілген

Қызметтің басым түрлерін арнайы экономикалық аймақтар қызметінің басым түрлерінің тізбесіне және құрылыш объектілерін құрылышы арнайы

экономикалық аймақтар қызметтің басым түрлерін жүзеге асыруға арналған объектілер тізбесіне қосу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қызметтің басым түрлерін арнайы экономикалық аймақтар қызметтің басым түрлерінің тізбесіне және құрылыш объектілерін құрылышы арнайы экономикалық аймақтар қызметтің басым түрлерін жүзеге асыруға арналған объектілер тізбесіне қосу қағидалары (бұдан әрі – Қосу қағидалары) 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 150-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленді және қызметтің басым түрлерін арнайы экономикалық аймақтар қызметтің басым түрлерінің тізбесіне және құрылыш объектілерін құрылышы арнайы экономикалық аймақтар қызметтің басым түрлерін жүзеге асыруға арналған объектілер тізбесіне (бұдан әрі – ҚБТ тізбелері) қосу тәртібін айқындауды.

2. ҚБТ тізбелеріне арнайы экономикалық аймақтар құру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметтің қаулыларында айқындалған арнайы экономикалық аймақтар құру мақсаттарына сәйкес келетін қызметтің басым түрлері мен құрылыш объектілері (бұдан әрі – ҚБТ және (немесе) объектілер) қосылады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметтің 06.10.2017 № 624 қаулысымен.

2. Қосу тәртібі

3. ҚБТ тізбелеріне ҚБТ және (немесе) объектілерді қосу туралы ұсынысты арнайы экономикалық аймақтарды құру, олардың жұмыс істеуі және оларды тарату саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы органға (бұдан әрі – уәкілетті орган) ҚБТ және (немесе) құрылыш объектілерін қосуға мүдделі орталық немесе жергілікті атқарушы органдар, занды тұлғалар мынадай:

- 1) инвестицияның болжанатын көлемі;
- 2) өндірістің болжанатын көлемі;
- 3) жұмыс орындарының болжанатын саны;

4) бюджеттің шартты шығындарының есептеулері туралы ақпаратты қамтитын негіздемені ұсына отырып, енгізеді.

4. ҚБТ және (немесе) құрылыш объектілерін ҚБТ тізбелеріне қосу туралы ұсыныс түсken күннен бастап бес жұмыс күні ішінде уәкілетті орган өз құзыреті шенберінде материалдардың толықтығын және ҚБТ тізбелеріне ҚБТ және (немесе) объектілерді қосудың негізділігін қарайды.

5. Уәкілетті орган ҚБТ және (немесе) объектілерді ҚБТ тізбелеріне қосу туралы ұсынысты негізді теп таныса, осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде уәкілетті орган ҚБТ және (немесе) объектілерді ҚБТ тізбелеріне қосу туралы ұсынысты мұдделі мемлекеттік органдардың, арнайы экономикалық аймақты басқарушы органның және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының жалпы қарау мерзімі осындай ұсыныстың енгізілген күнінен бастап жиырма жұмыс күнін құрайды.

ҚБТ және (немесе) объектілерді ҚБТ тізбелеріне қосу ұсынысын уәкілетті органның, мұдделі мемлекеттік органдардың, арнайы экономикалық аймақты басқарушы органның және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының жалпы қарау мерзімі осындай ұсыныстың енгізілген күнінен бастап жиырма жұмыс күнін құрайды.

Мұдделі мемлекеттік органдар, арнайы экономикалық аймақты басқарушы орган және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы ҚБТ және (немесе) объектілерді ҚБТ тізбелеріне қосу туралы ұсыныс өздеріне қарауға келіп түскен күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органға өз қорытындыларын ұсынады.

6. Мұдделі мемлекеттік органдардың, арнайы экономикалық аймақты басқарушы органның және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының ҚБТ және (немесе) объектілерді ҚБТ тізбелеріне қосу туралы ұсынысты қарау нәтижелері бойынша уәкілетті орган осындай ұсынысты мынадай жағдайларда қайтарады:

- 1) ҚБТ және (немесе) объектілерді ҚБТ тізбелеріне қосудың орынсыздығы;
- 2) ҚБТ және (немесе) объектілерді ҚБТ тізбелеріне қосу туралы ұсыныстың мемлекеттік экономикалық саясат басымдықтарына сәйкес келмеуі;
- 3) ұсынылған материалдардың дәйексіздігі;
- 4) ұсыныстардың қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптарға сәйкес келмеуі;
- 5) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды, адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғау қажеттігі, тарихи-мәдени мұра объектілерінің жойылу және бүліну қаупі және елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттігі.

ҚБТ және (немесе) объектілерді ҚБТ тізбелеріне қосу туралы ұсынысты қайтару ҚБТ және (немесе) объектілерді ҚБТ тізбелеріне қосу туралы келесі етінім беру үшін кедергі болып табылмайды.

7. ҚБТ және (немесе) объектілерді ҚБТ тізбелеріне қосу туралы ұсынысты қайтару үшін негіздеме болмаған жағдайда, уәкілетті орган он жұмыс күні ішінде ҚБТ және (немесе) объектілерді ҚБТ тізбелеріне қосу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті шешімінің жобасын әзірлейді және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК